



030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

030010, город Актобе, пр. Абилкайыр хана, 40
тел./факс: 8 (7132) 54-34-75

20 18 жылғы 22.05. № _____

2018 жылғы 22 мамырда
облыстық мәслихаттың
сессиясында жария етілген

Ақтөбе облысының әкімі
Б.М.Сапарбаевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Бірғыз ауданына қарасты төрт елді округтерді Жайсаңбай (500 тұрғын) Тәуіп (800 тұрғын) Алакөл (447 тұрғын) Құйылыс (1213 тұрғын) бір-бірімен байланыстыратын жергілікті маңызы бар автокөлік жолы, көптен бері көтеріліп келе жатырған мәселенің бірі.

Облыс, аудан өкілдерінің халықпен кездесуінде де осы сұрақ тұрғындардың көкейіндегі басты жағдайдың бірегейі болуда.

Өзіңіздің осы өңірге іс сапарыңыз барысында да, айталмыш округтың тұрғындары, үлкен ақсақалдар осы елді мекен мен ауылдық округтардың арасын байланыстыруға бөгет болмайтын көтерме жол салуға көмек қолын созу жөнінде өзіңізден өтініштен болатын.

Бес мыңға жуық халықтың мұң-мұқтажын өтеп, қатынас жолын жақсартып, олардың әлеуметтік жағдайын арттыруға мүмкіндік беретін «Жайсанбай-Құйылыс», «Құйылыс-Жарма», «Жарма-Құтикөл» көтерме жолын салу құрылысы үшін жобалық-сметалық құжат дайындауға 32 млн.теңге көлемінде қаражат қарастыруыңыз сұралады.

Бұл жөнінде облыстық басқармаға бюджеттік өтініш бірнеше рет ұсынылған болатын.

Қатынас жолының оң шешімі, тұрғындардың көңіліне қуаныш сыйлап қана қоймай, олардың әлеуметтік жағдайын арттыруға да бірден бір себеп екенін айта отырып, өтініштің оң шешілуіне ықпал етуіңізді сұраймын.

Құрметпен,
Облыстық
мәслихаттың депутаты

Ж.С.Мухамбетпаизова